Бекітемін:
«Абай колледжі» КММ
директор Жумаксанов Р.А.

«Колледждегі оқу үрдісінің жұмыс нәтижелерін бағалау мониторингі»

Мақсаты - білім қызметінің нәтижелерін талдау және болжау үшін педагогикалық іс - әрекет сапасын талдау әдістері арқылы қажетті тәжірибелік - эксперименттік жұмыстың тиімді педагогикалық мониторинг механизмін анықтау.

Сапалы білім беру қызметін көрсету – колледж бен педагогтар алдында тұрған міндет. Білім сапасы - ең алдымен, мақсаттың және нәтиженің сапасы, одан кейін барып басқарудың, ұстаздың,педагогикалық іс - әрекеттің, білім алушының сапасы, ең соңында педагогикалық үрдістің сапасы.Осындай сапалылықты қамтамасыз ететін сапалы оқытушылар шығармашыл болуы керек.

Білім беру сапасын басқарудың оқу үрдісіндегі негізгі тетіктері:

¬ бақылау
¬ талдау
¬ бағалау
¬ бағдарлау және
¬ нәтижелердің динамикалық үрдістерін салыстыру.

Бұл үрдісте оқу - тәрбие сапасына жасалатын жүйелі бағалаудың бірден - бір көзі: ол - мониторинг.

Мониторинг дегеніміз - белгілі бір нәрсенің жай - күйін бақылау, бағалау, талдау және болжау жүйесі, белгілі параметрлерді анықтаудағы бақылау құралы. Мониторинг ішінде басқарудың өзіндік қызметі, педагогикалық іс - әрекет барысындағы бағалау жүргізіледі. Педагогикалық мониторинг педагогикалық жүйенің дамуын болжау, сонымен қатар, оның жағдайын үздіксіз бақылауын қамтамасыз етуді көрсетеді. Мониторингтің мәні колледжде әр семестрдің не әр тараудың соңында шыққан графиктен осы тұстағы алған білімнің кем тұстары, жетістіктері айқын көрініп тұрады.

Оқытушының педагогикалық іс - әрекетінің мониторингі оқу процесінің негізі болып табылады. Оқытушының іс - әрекетін бағалаудағы мониторингінің негізгі мақсаты - колледждегі
педагог кадрлардың шеберлік біліктілігінің артуы, инновациялық тапсырмаларды іске асыру жолдарын меңгеру көрсеткіштері.

Колледжде педагогикалық іс - әрекетті бағалаудағы мониторингтің 3 кезеңі бар:

1 - кезең. Дайындық кезеңі. Мақсат қойылады. Бақылау объектісі таңдап алынады. Бақылау жоспарланады.

2 - кезең. Практикалық кезең. Ақпараттар жинақталады.

- нормативті құжаттар таңдау;
- сабаққа қатысу;
- білім, білік дағдыларын бақылау;
- сауалнама жүргізу;
- тест алу;
- өзін - өзі бағалау.

3 - кезең – талдау, яғни алынған мәліметтерді өңдеу.

- ақпараттарды талдау, жинау;
- бақылаудың қорытындысын шығару, ұсыныстар енгізу.

Кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында мониторинг жүргізу не береді? Бұл сұраққа жауап ретінде біздің колледждегі мынадай оң нәтижелерді айтар едім:

- оқытушының педагогикалық шеберлігін нақтылайды.
- оқытушының педагогикалық мүмкіндігін анықтайды.
- оқытушыға нақты көмек көрсетуге мүмкіндік береді.
- колледжішілік басқару процесін жүзеге асырады.

Хромтау тау-кен техникалық колледжінде осындай тәртіппен мониторингті жүргізудің арқасында оқытушылардың теориялық оқыту бойынша көрсеткіші төмендегідей нәтижені көрсетіп отыр.
Сонымен, бүгінгі күннің «оқытушысы» дегеніміз, ол – шығармашылық адамы. Ол өздігінен қаншалық ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Ендеше, оқытушының күш - қуаты, көңіл күйі жоғары болуы керек, сонда сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі жанады.
Колледжде оқытушылардың кәсіптік деңгейін қалыптастыруының басты шарты – компьютерлік сауаттылығын жетілдіру. Оларға компьютердің нақты бағдарламаларын білу, интернет - технологияларды меңгеру, компьютердің көмегімен дидактикалық материалдардың дағдыларын жетілдіру болып табылады.
Оқу үрдісінде электрондық оқыту әдістемелерін меңгеру үшін, білім берудің барлық деңгейлеріне лайықты педагогикалық кадрларды дайындау мен қайта даярлауда облыстық «Өрлеу» ҰБАО баса назар аударуда.
Осы бағытта «Модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру» бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инженер-педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарына қатысу мәселесі бірізді жолға қойылған.

Қазір әлемде өндірістік-технологиялық қарқынды өзгерістердің және бәсекелестіктің күшейген кезінде білім беру жүйесі қоғамды дамытудың қозғаушы күші болып отыр.
Әлемнің өзге де мемлекеттеріндегі сияқты Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беру саяси, экономикалық және әлеуметтік іргетасты қайта бағдарлау нәтижесіндегі өзгерту мен жаңғырту процестері арқылы өтеді.
«Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың, орта білім беруден кейінгі жұмыс берушілердің талаптарымен оқу жұмыс жоспарларының мазмұнын өзгертуге,
модульді,
кредиттік,
дуалды
оқытуды енгізуге мүмкіндік береді..» делінген. Бұл мәнмәтінде заманауи және перспективаға есептелген білім беру бағдарламаларын әзірлеу маңызды міндеттердің бірі болып саналады.
Осыған байланысты «Абай колледжінде» биылғы оқу жылынан бастап
оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың барлығы модульдік,несиелік,дуальді оқу жүйесіне негізделіп жасалды.
Модульдік оқыту түрлері жұмыс берушілер мен еңбек нарығының талаптары бойынша оқыту қорытындысына бағдарлау, бұл – бітірушілердің бәсекелестікке қабілеттілігі мен жұмыспен қамтылуын арттырады.

Директордың оқыту жұмысы
жөніндегі орынбасары: Бурыбаева А.К.